

Ата-аналармен қарым-қатыныс

Балабақшамен ата-ана арасындағы қарым-қатынасты күшайте отырып, отбасында балаға ата-ананың ықпалын арттырамыз.

Бала тәрбиесінде ата-ананың алатын орнының ерекше екенін түсіндіреміз; ата-ана бойына тәрбиешінің атқаратын қызметіне қызығушылықтарын дамытамыз.

Отбасы адамзат бесігін тербеткен ұя болса, баланың бас ұстазы - ата-ана. «Балапан ұяда не көрсе, үшқанда соны іледі» - деген ата-бабаларымыздан қалған асыл сөздің сырына үңілер болсақ, бала әкеден ақыл, анадан мейірім алады.

Мектепке дейінгі білім берудің жылдық жоспарында жоспарланған ата – аналармен жұмыс төмендегідей жүргізіледі:

1. Ата-аналар жиналышы. Олар: жалпы ата-аналар жиналышы және топтық ата-аналар жиналышы;
2. Қауіпсіздік мектебі ата-аналармен;
3. Ата-аналар консультациясы;
4. Ашық есік күндері.

1. Ата-аналар жиналышы

Мақсаты: ата-ананың педагогикалық мәдениеттің жоғарылату, педагогикалық ұжым алдында тұрган міндеттерді бірігіп шешуді үйрету

